

Республикамыздың алда келе жатқан билік органдарына

(мәжіліс және мәслихаттарға) өкілдер сайлауға қатысты

«НАҚ» ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

(Halyqqa Adal Qyzmet\Халыққа Адал Қызмет)

Қазақстан электоралды кезеңге өтті. Ол қандай болады? Біз оған қалай қатысамыз? Қазақстанда нақты реформалар жасталуы үшін не істейміз? Келесі мәжіліс пен мәслихаттарға кімдер сайланады? Осы және басқа да мәселелер көптеген қазақстандықтарды толғандырады.

Билік партиясының бастамасымен жасалған праймериз, жүйенің сол күйі либералдандыруға және саяси бәсекелестікке құлқы жоқ шағын топтың қолында қалып отырғанын көрсетті. Билік партиясы сайлау нәтижесін әрі қарай бұрмалауға, сондай-ақ өз бастамаларында тіпті өз мүшелерін алдауға дайын. Билік партиясы өзінің өмір сүруін әлі де ұзарту және қазақстандықтардың өміріндегі үстемдігін жалғастыру үшін жаңа тәсілдер ойлап табуда. Кешегі өткен праймериз - бұл болашақ сайлауды да онлайн режимінде өткізуді тестілеу деп түсінуге негіз береді! Біз, Қазақстан азаматтары, мұндай жоспарға жол бермеуіміз керек!

Дауыстарды бұрмалауға – ҚАРСЫМЫЗ!

Жалған дауыс берушілерге – ҚАРСЫМЫЗ!

Жалған сайлау өткізуге – ҚАРСЫМЫЗ!

Бұл бұзушылықтар онлайн сайлау кезінде орын алуы мүмкін!

Сондықтан, тек адал және әділ сайлауды – ҚОЛДАЙМЫЗ!

«НАҚ» азаматтық қозғалысының ұстанымы:

1. Заңнамалық деңгейде онлайн (интернет арқылы) дауыс беруге тыйым салу, тек бетпе-бет сайлау өткізу. Аралас сайлау (онлайн мен офлайн режимінде) өткізуге де жол берілмейді!;
2. COVID19 карантин жағдайында қандай да бір сайлау өткізуге тыйым салу, сондай-ақ сайлауды Гонконг, Ұлыбритания, Сербия, Оңтүстік Корея және басқа да елдердің (58 ел) үлгісі бойынша постковидтік кезеңге ауыстыру;
3. Тәуелсіз exit poll жүргізуге рұқсат беру;
4. Сайлау бюллетеніне «барлығына қарсымын» тармағын енгізу;
5. Қазақстан қоғамдастығындағы саяси бәсеке мен қызметті тек қағаз жүзінде ғана жазып қоймай, іс жүзінде орындалатын сайлауға қатысты барлық нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау.

Бұл талаптар әділ, өзекті және сындарлы болып табылады. Егер бұл талаптар орындалмаса, Қазақстанның азаматтық белсенділері жоғарыда айтылғандар қабылданғанға және орындалғанға дейін, оларды халықаралық деңгейде заңсыз деп тану мақсатында сайлауға бойкот жариялауға белсенді түрде шақыратынын ескертеміз.

Қазақстан шынайы демократия еліне айналуы тиіс!

"Сайлау және сайлану – бұл біздің шынайы/хақ құқығымыз!"

(ҚР Конституциясы, 33-бап)

НАҚ #HalyqqaAdalQyzmet, 07/10/2020